

Аңдатпа

Дипломдық жоба “ЖОО арналған «OnLine кафедра» ақпараттық жүйесін әзірлеу” тақырыбында ұсынылған.

Жұмыстың мақсаты PHP программалау тілін қолдана отырып ЖОО арналған кафедра қызметкерлерінің жұмыс процесін жеңілдету мақсатында веб–портал құру.

Жұмыс нәтижесінде веб–портал құрылып, авторизациялау параметрлері, біліктілігі, жарияламалар, эдвайзерлік бөлімдерді қамтамасыз етеді. Frontend бөлімі HTML 5, CSS 3, JQuery, AJAX арқылы жазылған. Backend бөлімінде PHP, YII2, APACHE, MySQL пайдаланылады. Авторизациялау бөлімінде қолданушы өз құпия сөзін ауыстыра алады. Біліктілік бөлімінде пайдаланушы өз біліктерін PDF форматында қосып қарай алады. Жарияламалар бөлімінде де өз жарияламаларын PDF форматында қосып бақылай алады. Эдвайзерлік бөлімде эдвайзер өз студенттері жайлы ақпаратты толық ала алады.